

DOI 10.52260/2304-7216.2024.2(55).33
 ЭОЖ 330.14.014
 FTAMP 06.58.45

А. Хойч*, PhD, қауымд. профессор¹
 А.Т. Карипова, э.ғ.к., қауымд. профессор¹
 К.К. Байгабулова, э.ғ.к., қауымд. профессор¹
 Ж.С. Утегенова, PhD, доцент²
 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
 университеті, Астана қ., Қазақстан¹
 Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
 университеті, Көкшетау қ., Қазақстан²
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: khoich.aizhan@gmail.com

МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Ұлттық экономиканың дамуына инвестицияларды жұмылдырумен бірге оның тұрақты дамуға үлес қосуын қамтамасыз ету мемлекеттер үшін басты экономикалық саясаттың бірі болып табылады. Инвестициялық саясаттың жаңа буыны да кеңірек және күрделі деңгейде инвестициялық тартымдылықты арттыра отырып, экономиканың тұрақты даму. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының тиімді жұмыс жасау мәселелері қазіргі жағдайдағы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырудағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Инвестициялық саясат ел экономикасын дамытудың күрделі тармақтарының бірі, әрі қозғаушы күші. Алайда, қазіргі уақыт қажеттілігі болып ел экономикасы жалпы дамуымен шектелмей жалқы тұжырыммен дами келе ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету маңыздылығы артты. Мақалада, өңірлер мен салалар асындағы алиақтықты азайтуда аумақтық-кеңістіктің бірегей дамуын, әлеуметтік және басқарушылық тиімділікті қамтамасыз ететін ұлттық инвестициялық саясаттың тиімділігін арттырудың жаңа экономикалық механизмдері мен құралдарын пайдалануды ұсынады. Авторлар инвестициялық саясаттың ұлттық экономикаға әсерін және тұрақты дамудағы оның заманауи көзқарасын теориялық тұрғыдан зерттей отырып елдегі инвестициялық жағдайдың бүгінгі жағдайын көрсетті. Нәтижесінде инвестициялық саясаттың тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар ұсыныстар берілді. Мақаланың негізгі идеясы ретінде Қазақстан Республикасында инвестициялық саясаттың қазіргі жағдайын талдай отырып экономикалық тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстар беру. Сонымен қатар, өңірлер мен сала аралық алиақтықтарды азайтуға негіздеме беру болып табылады. Зерттеуде динамикалық салыстыру мен шолу әдістерін қолдану арқылы елдегі инвестициялық ахуалдың тұрақты дамуға әсері сипатталған.

Кілт сөздер: ұлттық экономика, экономикалық өсу, мемлекеттік инвестициялық саясат, инвестициялық тартымдылық, тұрақты даму, аумақтық-кеңістік дамуы, өңірлік даму, аймақтық даму.

Ключевые слова: национальная экономика, экономический рост, государственная инвестиционная политика, инвестиционная привлекательность, устойчивое развитие, территориально-пространственное развитие, региональное развитие.

Keywords: national economy, economic growth, state investment policy, investment attractiveness, sustainable development, territorial and spatial development, regional development.

JEL classifications: E22, G31

Кіріспе: Қазіргі әлемдік экономикада тұрақты дамуға ұмтылу қағидалары экономикалық өсуді, қоршаған ортаны қорғауды және әлеуметтік теңдікті теңестіруге ұмтылатын елдер үшін басты мақсат ретінде қалыптасуда. Бұл бастаманың негізінде мемлекеттер ресурстарды бағыттау, инновацияларды ынталандыру және тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін секторларды ынталандыру үшін пайдаланатын маңызды құрал болып табылатын мемлекеттік инвестициялық саясат жатыр. Бұл мақалада тұрақты болашақты құрудағы мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізгі ролі, стратегиялық инвестициялардың бағытын әртараптандыруға және экономиканың басым салаларын дамытуға, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға, инфрақұрылымның тұрақтылығын арттыруға және әлеуметтік бағдарламаларды қолдауға қалай ықпал ететіні қарастырылады. Мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі бір тетігі инвестициялық саясат болып табылады. Инвестициялық саясат – мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі күре тамыры болып табылады, ол инвестицияларды тарту жүйесі негізінде ел экономикасына тартылатын инвестиция көлемі, саласы, капитал салымның құрылымы мен бағытын анықтаушы, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері мен жаңалығын енгізу

тетігі, негізгі капиталдың жаңаруы сынды жан-жақты мәселелердің қозғаушы күші [1, 2]. Инвестициялық саясат – инвестициялық үдерістерді ынталандырып, оны реттеп ғана қоймай саланың, өңірдің, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытын қалыптастырады. Осы тұрғыдан да инвестициялық саясаттың тиімді тетігі тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін негіз бола алады [3, 4]. Мемлекеттің инвестициялық саясаты экономиканы ынталандыруды, нормативтік-құқықтық базаны жаңалауға және басым секторларға инвестиция тарту іс-шараларын қамтиды. Нәтижесінде ұтымды инвестициялық саясат инновацияларды ынталандыру, жаңартылған энергия көздеріне көшуді қолдауда, инфрақұрылымды жақсартуда және теңсіздікті азаутуға және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды ілгерілетуге маңызды рөл атқарады.

Мақаланың негізгі мақсаты. Ұлттық экономиканың тұрақты дамытуын қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық саясаттың бүгінгі жағдайын талдай отырып инвестициялық әлеуетті бағалау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін теориялық негіздерді жалпылау, статистикалық әдістерді қолдана отырып инвестициялық саясаттың бүгінгі жағдайын сипаттау және тұрақты дамуға бағытталған экономикалық және инвестициялық әлеуетін бағалау міндеттері қойылды.

Зерттеу материалдары мен зерттеу әдістері. Зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банктің ресми деректерімен бірге Ұлттық экономика министрлігінің ресми ақпарат көздері болып табылады.

Зерттеу барысында қарапайым жіктеу, жалпылау, сипаттау және түсіндіру, салыстырмалы әдістермен бірге экономикалық-статистикалық әдістері қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Қолайлы инвестициялық саясат негізінде тұрақты даму әлемдік ғылыми қауымдастықтағы өткен ғасырдың 20-шы жылдарының ортасынан бастап – 1980, 1990 және 2000 жылдардағы мәселелер белсенділігінің артуына байланысты «жаһандық экономикалық серпіліс» кезеңінде, яғни, өнеркәсіптік даму және елдерді индустрияландыру кезеңдерінде қарқынды зерттелді [5].

Мемлекеттік инвестициялық саясаттың тұрақты дамуды қамтамасыз етудегі рөлі академиялық зерттеулер арасында да, саясатшылар арасында да барған сайын жиі талқылана бастады. Келер ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірмей, бүгінгі күннің қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму ретінде анықталған тұрақты даму экономикалық өсудің, қоршаған ортаны қорғаудың және әлеуметтік интеграцияның тепе-теңдігін талап етеді. Мемлекеттік шығындарды, ынталандыруды және реттеуді қамтитын мемлекеттік инвестициялық саясат осы мақсаттарға жетудің маңызды құралы болып табылады.

Мемлекеттік инвестициялық саясат тұрақты дамуға қол жеткізудің негізгі тетігі болып табылады. Экономикалық өсуге, қоршаған ортаны қорғауға және әлеуметтік инклюзияға стратегиялық инвестициялау арқылы мемлекеттер неғұрлым тұрақты және тиімді жүйені құра алады. Ағымдағы зерттеулер тиімді саясатты қабылдау туралы ақпарат беретін үздік тәжірибелер мен қиындықтар туралы құнды түсініктер береді.

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ): Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму күн тәртібі тұрақты дамудың жаһандық негізін қамтамасыз ететін 17 ТДМ-ны анықтайды. Мемлекеттің инвестициялық саясаты осы мақсаттарға жету үшін, әсіресе инфрақұрылым, таза энергетика және әлеуметтік қызметтер сияқты салаларда өте маңызды.

«Инвестиция тарту» соның ішінде тиімді тетіктері әлемнің дамыған және дамушы барлық елдерінде, бүкіл институттарға – халықаралық ұйымдарға, мемлекеттік аппараттарға, ғылыми шеңберлерге, қоғамдық бірлестіктерге, тіпті ірі компанияларға тікелей қатысты. Қазір ешбір ауқымды инвестициялық жоба тұрақты даму тұжырымымен үйлестірілмей БҰҰ, ХВҚ, Әлемдік банк сияқты қаржылық институттан қолдау табалмайды. Өз кезегінде, бұл тұжырым экономикалық, әлеуметтік, экологиялық үш тұғырлы болып келеді [6, 7]. Біздің елімізде де көптеген экономикалық, әлеуметтік, экологиялық мәселелерді инвестициялық саясатты оңтайландыру арқылы шешімін табуға болады.

Жалпы ұлттық экономиканың тұрақты дамуы мен оның мәселелері әлемдік классиктер М.П. Тодароның «Экономикалық даму», Д.Х. Медоуз пен Й. Рандерстің еңбектерінде айрықша орын тауып, нақты көрсетілген. Қазіргі батыстық нарықтық экономикалық теориялардың көпшілігі тепе-теңдік талдау негізінде қалыптасқан. Бірақ, көптеген жылдардағы тәжірибеге сүйенсек, динамикалық жүйе ешқашан тепе-теңдік жағдайында ұзақ мерзімде сақталып қала алмайды [8, 9].

Дж. Р. Хикстің пайымынша, «тұрақты даму» түсінігі қазіргі экономикалық теория жүйесінде үлкен рөл атқаруда. Ол адамдардың тұтыну талғамдары, техникалық даму деңгейі және ресурстардың саны яғни өндірістік факторлар қысқа уақытта өзгермейді деген негізде қалыптасқан [10]. Шын

мәнінде, ішкі және сыртқы жағдайлардың ұдайы өзгеріп тұруына байланысты жүйенің тепе-теңдігі бұзылып отырады. Нарықтық экономика механизмінің қызметін талдауды «жалпы экономикалық тепе-теңдік» түсінігі күрделі мазмұнды болып келеді дейді [11].

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары бірқатар батыс зерттеушілердің жұмыстарында әлеуметтік және табиғат арасындағы тепе-теңдік мәселелері талқыланған. Дж.Форрестердің математикалық талдаулары осы тұжырымға негіз құрады. Ал, БҰҰ-ның қоршаған орта және даму туралы мәселелерін түсінуде маңызды тұжырымдары жасалды. Ол экологиялық мейірімділік экономикалық дамудың шешуші тетігі екенін ұғындырды, яғни экологияны аянышты күйге түсіру экономикалық құлдырауға алып келеді деген ойды тудырады. Осылайша ХІХ ғасырдың көрнекті ғалым-экономистері С. Кузнец, И. Шумпетер, Дж. М. Кейнс, К. Маркстер бір ауыздан тұрақты дамуды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамудың жиынтығы ретінде үш тұғырлы жүйе ретінде қарастыру керек дейді. Бұл ретте тұрақты даму экономика өсуінің тек қана жағымды жақтарын қамтымайды, экологиялық және әлеуметтік олқылықтар мен шектеулердің жағымсыз жақтарын да қамтып отырады деп тоқталды [12].

Отандық зерттеушілер арасында Г.С.Сатбаева және М.Ш.Әлиновтың «Экология және тұрақты даму», Д.С.Асан, Б.С.Мырзалиев, С.С.Ыдырыстың «Экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты дамыту тетіктері» еңбектерінде орын алса, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, «Қазақстан Республикасының 2006-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы» «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама және басқа да нормативтік - құқықтық актілері негізгі бағыттаушы бола алады.

Негізгі бөлім. Тәуелсіздік жылдарынан бастап Қазақстан экономикасында бір жүйеден басқа жүйеге ауысқанда экономикалық саясат өте табысты болды, мәселен, жан басына шаққанда Жалпы Ішкі Өнім (ЖІӨ) 1998 жылғы 1,469\$-дан 2018 жылы шамамен 9,462\$ өсті, ал 2023 жылы 13008\$ жетті. Ал, Адами Даму Индексінің (АДИ) 90-жылдардың басында шамамен 0,680-ден 2023 жылдың көрсеткіші 0,84-ге дейін жеткен. Алайда, әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштер бойынша теңсіздіктер мен мәселелер де ұлғая түсті, сондықтан да, тұрақты экономикалық өсімнің толық жемістерін көру үшін нақты даму саясатын қабылдау керек. Қазақстан жалпы ұлттық экономика деңгейде біршама оң көрсеткіштерге қол жеткізседе, өңірлік және салалық деңгейде үлкен теңсіздіктер байқалады. Мәселен, осы алшақтықтар келесі көрсеткіштерден байқауға болады. Біріншіден, өңірлер арасындағы теңсіздіктің жоғары деңгейлері, екіншіден, инновация мен инфрақұрылымның әркелкі дамуы, үшінші еңбек өнімділігі мен жұмыспен қамту деңгейлеріндегі айырмашылықтар, төртіншіден, денсаулық сақтау саласындағы қол жетімділік ауытқулар, білікті мамандармен мен гендерлік теңсіздік. Осы теңсіздіктерді алшақтату мақсатында ел Үкіметі бірқатар бастамаларды ұлттық деңгейде жүргізіп отырғанымен, инвестицияларды рационалды игеру мен басқару бойынша қосымша басқа іс-шараларды талап ететіндей. Сондықтан, өңірлік дамудың теңсіздігін тудыратын бірқатар экономикалық нақты көрсеткіштерге тоқтала кеткен жөн деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының Статистика агентігінің ресми ақпараттарына сүйенсек, Республика бойынша 2022 жылдың соңында жан басына шаққандағы Жалпы ішкі өнім 5284,7 мың теңге болды. Өңірлер бойынша көшбасшы Атырау облысы, Алматы мен Астана қалалары сәйкесінше 19974,1 мың теңге, 8985,6 мың теңге және Астана қаласы 8053,9 мың теңгені құраған. Ол осы көрсеткіш бойынша тізімнің соңында Жамбыл, Жетісу және Түркістан облыстары сәйкесінше 2212,2 мың теңге, 2042,1 мың теңге және 1671,8 мың теңгені қанағат еткен.

Ел экономикасында 2023 жылдың қорытынды тоқсаны бойынша атаулы жалақының орташа мәні 393 мың теңге болған. Жоғары да атап өткендей, өңірлік бөліністе қарайтын болсақ тағы да мұнай өңдеумен көшбасшы Атырау облысындағы ең үлкен жалақы мөлшері – 618 420 теңге, ең төменгі жалақы мөлшері Солтүстік өңірде 241 мың теңге болған екен. Ал, 2018 жылдың қорытындысы бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ өңірлер арасында келесідей: республикалық орташа көрсеткіш 3201,8 мың.теңге болса ең жоғарғы үздік үштікте Атырау облысы 12586,1 мың.теңге, Алматы қаласы 6728,8 мың.теңге, Астана қаласы 5522,5 мың.теңгемен тиісінше көш бастаса, ең төменгі көрсеткіштерге Түркістан облысы 833,8 мың.теңге, Жамбыл облысы 1264,2 мың.теңге және Алматы облысы 1320,0 мың.теңгемен қалыс қалуда. Байқап отырғанымыздай, ең жоғарғы және ең төменгі көрсеткіштер арасында 15 есе айырмашылық бар.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша негізгі капиталға салым 2023 жылдың жағдайымен 16 триллион теңгеге дейін өскенімен ЖІӨ-дегі үлесі 2010 жылдан бері айтарлықтай

өзгермей 16-17%-ды құрап тұр. Тағы да негізгі капиталға инвестицияларды игеру 2021 жылмен салыстырғанда 17,2%-ға өсіп, соның ішінде, негізгі капиталға сыртқы инвестициялар 3,3 трлн. тенге болып жалпы инвестиция көлемінің 29,6% құрады. Сыртқы инвестициялардың ең көп 65,4% үлесі Батыс Қазақстан облысына тиесілі болып отыр. Ең белсенді инвестициялар Атырау облысында жүргізілуде – жан басына шаққандағы 5886,6 мың. тенге (орташа республикалық көрсеткіштен 9,7 есе көп). Астана қаласында 1 млн теңгеден астам әр тұрғынына жылына инвестицияланады. Ал ең төменгі Жамбыл облысы 227,5 мың. тенге және Түркістан облысы 145,7 мың. тенге ғана инвестиция – орташа республикалық көрсеткіштен 4 есе аз болып отыр.

Ұлттық Банктің ақпаратына сүйенсек, 2010 жылдан 2020 жылдар аралығында Қазақстанға тартылған тікелей шетел инвестициялар ағыны шамамен 250 млрд.доллар болды соның ішінде 1/3-бөлігі немесе 33%-ы мұнай-газ секторына, 42,1 млрд. доллар немесе 20%-дан астамы металл кендерін өндіру мен металлургия саласына тиесілі болды. Ал, өңдеу өнеркәсібі 15%-ды немесе шамамен 40 миллиард американдық долларды құрады. Осылай, тікелей шетел инвестицияларының 65% шикізаттық секторға бағытталды. Инвестициялық саясаттың құрылымдық өзгеріске бағытталуы қажет екенін атап өтуге болады. Дегенмен көлемі тұрғысынан қарағанда жаһандық карантинге қатысты болған шектеулер мен экономикалық тоқырауларға қарамастан Қазақстанға сырттан келетін шетел инвестициялары азаймады және Орталық Азия елдер арасында инвестицияларға ең тартымды ел болып келе жатыр.

Қазіргі геэкономикалық және геосаяси тербеліс кезінде Қазақстан өзінің инвестициялық позициясын одан ары нығайтуға және инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау керек. Сонымен бірге, әлемдік тәжірибеде қайта инвестициялау кірісі шамамен 30-35% болса, 2023 жылғы жағдаймен Қазақстанда бұр көрсеткіш 15%- ғана болуы, әсіресе шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық тартымдылықты басқа деңгейде арттыру қажет екенін көрсетеді.

1-кесте

Қазақстан республикасында негізгі капиталға салынған инвестициялар

	2005	2010	2015	2020	2021	2023
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн.теңге	2 420 976	4 653 528	7 024 709	12 270 144	13 242 233	17 649 104
Инвестициялық қызметтерінің негізгі көрсеткіштерінің серпіні, %	134,1	97,0	103,7	102,3	103,7	111,2

* Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылған

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының тиімді инвестициялық саясат жүргізу нәтижесінде өңірлерді дамытудың тиімді механизмін жетілдіруде әдіснамалық негіздерді бағалау және іріктеу әдістерін жасақтаумен байланысты мәселелер жеткіліксіз зерттелген. Ғылыми зерттеулерге шолу жасайтын болсақ, отандық экономикалық әдебиеттер базасы бізде іс жүзінде өте төмен және ол Қазақстанның кез келген қаласының өңірлік ерекшелігіне байланысты инвестициялық шешімдерді пайдалануды есепке ала отырып, өңірлердің дамуы шеңберінде инвестициялық саясатты экономикалық талдау бойынша жаңа зерттеу нәтижелерімен толтыруды қажет етеді.

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық саясат жүргізу нәтижесінде өңірлерді дамытудың тиімді механизмін жетілдіруде арналған біртұтас жүйе қажет болып табылады. Осы тұрғыдан, Қазақстанның жекелеген аймақтары мен қалаларында жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, әрбір инвестициялық шешімдер мен жобалардың жүзеге асуы үшін тиімді басқару тетіктерін қолдану қажеттілігі де туындайды.

Қорытынды: Қорытындылай келгенде, қазіргі Қазақстанның инвестициялық саясаты соңғы онжылдықта жаһандық қолданысқа ие болған ESG (environmental, social responsibility and governance) тұжырымы, яғни инвестициялар қоршаған ортаға аяаушылықпен қарау, әлеуметтік жауапкершілікті сезіну және тиімді басқару қағидаларына негізделу керек екенін атап өткен жөн. Осы қағидаларды ұстану арқылы инвестициялардың экономикалық тиімділігімен бірге ұлттық тұрақты дамуды қамтамасыз етуге болатыны сөзсіз. Жалпы мемлекеттік инвестициялық саясат сапалы әшкі және шетелдік инвестицияларды тарту арқылы ұлттық экономиканың тұрақты дамуына негіз болып, оның нәтижесінде халықтың табысы мен экономикалық белсенділіктің өсуіне, сонымен бірге заманауи инвестициялық жобаларды жүзеге асыру есебінен көптеген жұмыс орындарын ашуға бағытталады. Ішкі және шетелдік инвестициялар тарту бойынша, атап айтқанда,

мұнда ESG қағидаттарын енгізу және қолдану арқылы жергілікті инвестициялық жобалардың тартымдылығын және оның әлеуетін арттыруға болады.

Осылайша, мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізгі мақсаты отандық және шетелдік инвесторлардың қызметін жүзеге асыру мен ұйымдастыру, ел халқының тұрмыс сапасын көтеруді қамтамасыз етуге әсер ететін іс-шаралар, заңнамалық және құрылымдық өзгерістерді және ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған заманауи инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін тартымды жағдайлар жасау болып табылады. Бұл бағыттағы инвестициялық саясат елдегі шикізаттық әлеуетті, құзыреттерді және экономикалық тиімділікті ескере отырып жүргізілгені дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нурланова Н.К., Формирование и использование инвестиций в экономике Казахстан: стратегия и механизм. – Ғылым, 1998. – 11-23 б.
2. Бекжанова Т.К., Ешпанова Д.Д., Алтынбеков М.А., Момынқұлова С.М. Определяющие факторы инновационного развития региона // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2023. – №3 (52). – с. 45-51. – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.2(51).6
3. WCED. Our Common Future: Report of the World Commission on Environment and Development, UN General Assembly, 2022. – URL: <https://sustainabledevelopment.un.org/content/documents/5987our-common-future.pdf>.
4. Indicators of Sustainable Development, UN Department for Policy Coordination and Sustainable Development, December, 1994. – URL: https://www.un.org/esa/sustdev/csd/csd9_indi_bp3.pdf.
5. Alcott B. The sufficiency strategy: Would rich-world frugality lower environmental impact? Ecological Economics. – 64: 2018. – P. 770-786.
6. Ostrom E.A. General Framework for Analyzing Sustainability of Social-Ecological Systems. – Science. – Vol. 325, No.24, 2009. – P. 419-422.
7. Herring H., Sorrell S. Energy Efficiency and Sustainable Consumption. The Rebound Effect. – UK: Palgrave McMillan, 2009. – P. 266.
8. Тодаро М. «Экономическое развитие» / Пер. с англ. – М.: Экон. Фак.МГУ, ЮНИТИ, 1997. – 667 с.
9. Аймурзина Б., Каменова М., Джазықбаева Б., Глазунова С. Эколого-экономические аспекты устойчивого развития Казахстана // Вестник КазУЭФМТ. – 2024. – №1(54). – С. 76-83. – DOI: 10.52260/2304-7216.2024.1(54).10.
10. Briceno T., Stagl S. The role of social processes for sustainable consumption // Journal of Cleaner Production, 2006. – P. 1541-1551.
11. Сатбаева Г.С., Ишқұлова Н.П. «Экология және тұрақты даму». – Алматы, «Экономика», 2014. – 22 б.
12. Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдедегі N 482 қаулысы.

REFERENCES

1. Nurlanova N.K. Formirovanie i ispolzovanie investisii b ekonomike Kazakhstane: Strategii, mekhanizm [Formation and use of investment in the economy of Kazakhstan: strategy and mechanism]. – Almaty. Gylım, 1998. – P. 11-23 [in Russian].
2. Bekzhanova T.K., Eshpanova D.D., Altynbekov M.A., Momynkulova S.M. Opredelyayushie factory innovatsionogo razvitie regiona // Kazakh ekonomika, harji jane halykaralyk sauda universiteti Jarshysy [Determining factors of innovative development of the region. Kazakh economics, finance and international trade university journal]. – 2023. – №3 (52). – с. 45-51. – DOI: 10.52260/2304-7216.2023.2(51).6 [in Russian].
3. WCED. Our Common Future: Report of the World Commission on Environment and Development, UN General Assembly, 2022. – URL: <https://sustainabledevelopment.un.org/content/documents/5987our-common-future.pdf>.
4. Indicators of Sustainable Development, UN Department for Policy Coordination and Sustainable Development, December, 1994. – URL: https://www.un.org/esa/sustdev/csd/csd9_indi_bp3.pdf.

5. Alcott B. The sufficiency strategy: Would rich-world frugality lower environmental impact? *Ecological Economics*. – 64: 2018. – P. 770-786.
6. Ostrom E.A. General Framework for Analyzing Sustainability of Social-Ecological Systems. – *Science*. – Vol. 325, No.24, 2009. – P. 419-422.
7. Herring H., Sorrell S. Energy Efficiency and Sustainable Consumption. The Rebound Effect. – UK: Palgrave McMillan, 2009. – P. 266.
8. Todora M. *Economicheskije razvitie* [Economic development] translated from English. – M.: Econ. Fac. MSU, UNITY, 1997. – 667 c. [in Russian]
9. Aimurzina B., Kamenova M., Dzhazykbaeva B., Glazunova S., *Ekologo-ekonomicheskije aspekty ustaichivie razvitie Kazakhstana* [Ecology-economic aspects of sustainable development of Kazakhstan] // *Vestnik KazUJeFMT*. – 2024. – №1(54). – С. 76-83. – DOI: 10.52260/2304-7216.2024.1(54).10 [in Russian].
10. Briceno T., Stagl S. The role of social processes for sustainable consumption // *Journal of Cleaner Production*, 2006. – P. 1541-1551.
11. Satpaeva G.S., Ishkulova N.P. *Ecology jane turakty damu* [Ecology and sustainable development]. – Almaty, «Economika», 2014. – P.22 [in Kazakh].
12. Kazakhstan Respublikasi investustyalik sayasatinin 2026 jilga deyingi tujyrymdamasy. Kazakhstan Respublikasi ukimetinin 2022 jilgi 15 shilde N482 haulysy [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated July 15, 2022 No. 482 On the concept of investment policy of the Republic of Kazakhstan until 2026] [in Kazakh].

Хойч А., Карипова А.Т., Байгабулова К.К., Утегенова Ж.С.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ИНВЕСТИЦИОННАЯ ПОЛИТИКА КАК ОСНОВА УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

Обеспечение вклада в устойчивое развитие в сочетании с привлечением инвестиций в развитие национальной экономики является одной из основных экономических политик для государств. Новое поколение инвестиционной политики также способствует устойчивому развитию экономики, повышая инвестиционную привлекательность на более широком и сложном уровне. Вопросы эффективного функционирования инвестиционной политики Республики Казахстан являются важным одним из приоритетных направлений в реализации социально-экономической политики государства в современных условиях. Инвестиционная политика является одним из сложных пунктов и движущей силой развития экономики страны. Однако необходимость настоящего времени заключалась в том, чтобы обеспечить устойчивое развитие национальной экономики, при этом экономика страны развивалась не ограничиваясь общим развитием. В статье предлагается использование новых экономических механизмов и инструментов повышения эффективности национальной инвестиционной политики, обеспечивающих уникальное территориально-пространственное развитие, социальную и управленческую эффективность в сокращении разрыва в разрезе регионов и отраслей. Авторы показали современное состояние инвестиционной ситуации в стране, теоретически изучая влияние инвестиционной политики на национальную экономику и ее современный подход к устойчивому развитию. По итогам был дан ряд рекомендаций, направленных на обеспечение устойчивого развития инвестиционной политики. Основная идея статьи-проанализировать современное состояние инвестиционной политики в Республике Казахстан и дать рекомендации, направленные на обеспечение устойчивого экономического развития. Кроме того, необходимо дать основания для сокращения межрегиональных и межотраслевых разрывов. В исследовании описано влияние инвестиционного климата в стране на устойчивое развитие с использованием методов динамического сравнения и обзора.

Khoich A., Karipova A., Baigabulova K., Utegenova Z.

STATE INVESTMENT POLICY AS THE BASIS FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT

Annotation

Ensuring that the national economy contributes to sustainable development along with the mobilization of investments in development is one of the main economic policies for states. The new generation of investment policy is also sustainable development of the economy, increasing investment attractiveness at a broader and more complex level. The issues of effective functioning of the investment policy of the Republic of Kazakhstan in modern conditions are one of the priority directions in the implementation of the socio-economic policy of the state. Investment policy is

one of the most complex branches of the development of the country's economy. However, the importance of ensuring the sustainable development of the national economy has increased as the country's economy develops in the right way, not limited to general development. The article proposes to use new economic mechanisms and tools to improve the effectiveness of the national investment policy, ensuring the unique development of the territorial space, social and managerial efficiency in reducing the gap in the food of Regions and industries. The authors showed the current state of the investment situation in the country, theoretically studying the impact of investment policy on the national economy and its modern approach to sustainable development. As a result, a number of recommendations aimed at ensuring sustainable development of the investment policy were given. The main idea of the article is to analyze the current state of investment policy in the Republic of Kazakhstan and make recommendations aimed at ensuring sustainable economic development. At the same time, it is necessary to provide a justification for reducing regional and inter-industry gaps. The study describes the influence of the investment climate in the country on sustainable development using dynamic comparison and review methods.

